



№ 277

БАСҚАРМА ШЕШІМІ

13 тамыз 2010 жыл

Биржада IPO жоспарлаған компанияларға
ақпараттық қолдау көрсету туралы

1. Компанияның (бұдан әрі – эмитент) Қазақстан қор биржасындағы (бұдан әрі - KASE немесе Биржа) IPO өткізуі деп саны шектелмеген тұлғалар арасында эмитенттің бұдан бұрын орналастырылмаған акцияларын көпшілікке кез келген ұсынымын, осы акциялардың бір бөлігі міндетті түрде KASE сауда-саттық жүйесінде арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізу арқылы инвесторларға ұсыну шартымен, түсіну керек деп белгіленсін.
2. Биржада IPO жоспарлаған эмитенттерді ынталандыру бойынша іс-шаралар шегінде:
 - 1) осы шешімге қосы берілген, бағалы қағаздар эмитентінің Биржада IPO өткізгендегі ақпараттық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар Тізімін бекітілсін;
 - 2) бағалы қағаздардың эмитенті Биржада IPO өткізгендегі, оған ақпараттық қолдау көрсету тек мынадай шарттармен жүзеге асырыла алады деп анықталсын:
 - бірінші мамандандырылған сауда-саттықтардың жоспарланған датасынан кемінде екі ай бұрын Биржаға эмитенттен және/немесе қаржылық кеңесшіден Биржада IPO өткізуді көздегені туралы және эмитентке KASE тарапынан тиісті ақпараттық қолдау көрсету туралы өтініш білдіріп, хат жолдау;
 - бірінші мамандандырылған сауда-саттықтардың жоспарланған датасынан кемінде бір жарым ай бұрын KASE және эмитент және/немесе оның қаржылық кеңесшісінің арасында жасалған, эмитентке Биржада IPO өткізгенде ақпараттық қолдау көрсету туралы туралы келісім-шарты болуы тиіс, осы келісім-шартта іс-шаралардың нақты тізімі, мерзімдері, оларды өткізу ерекшеліктері, ақпараттық қолдаудың формалары мен әдістері, сондай-ақ KASE ақпараттық қолдау көрсеткенде қолданылатын материалдардың барлығын ұсыну мерзімдері мен форматы келісіледі;
3. Биржада IPO жоспарлаған эмитенттерге ақпараттық қолдау көрсету бойынша іс-шараларды PR бөлімі және Ақпарат және талдау департаменті жүзеге асырады.
4. Осы шешімнің орындалуын Вице-президент А.Ю.Цалюк бақылауға алсын.

Президент	Қ.Қ.Дамитов
Бірінші Вице-президент	И.М.Сәбитов
Вице-президент	Б.Б.Бәбенев
Вице-президент	А.Ю.Цалюк

**Бағалы қағаздар эмитентіне Биржада IPO өткізгенде
ақпараттық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар тізімі**

№	Іс-шараның сипаттамасы	Көрсетілетін ақпараттық қолдау
1.	Мүдделі тұлғалар алдында(ең көбі 30 қатысушыға), БАҚ қоспағанда, орналастырылатын акциялардың эмитентінің презентациясын ұйымдастыру және өткізу.	<ul style="list-style-type: none"> • KASE мүшелері мен листингілік компанияларға шақыру-хаттарын тарату • KASE жаңалықтарында ең көбі бір ай бойы, ең көбі аптасына екі рет іс-шара туралы құлақтандыру
2.	KASE, орналастырылатын акциялардың эмитенті және/немесе оның қаржылық кеңесшінің өкілдерінің қатысуымен БАҚ өкілдеріне арналған брифинг ұйымдастыру және өткізу	<ul style="list-style-type: none"> • БАҚ шақыру-хаттарын тарату • KASE жаңалықтарында іс-шара туралы бір рет құлақтандыру және баспасөз-релизін шығару
3.	Биржаның Интернет-сайтының "Уақиғалар" бөлімінде сілтеме жасау	аталмыш бөлімде сілтеме жасап, оның астына биржада өткізілетін IPO байланысты іс-шаралар туралы (мысалы, эмитенттің презентациясы, БАҚ арналған брифинг және т.б.) ақпараттарды орналастырып, әр жарияланым бойынша сайт жаңалығын шығару
4.	Биржада акцияларды орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар туралы құлақтандыру	арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар өткізуге берілген өтінім бойынша ең көбі аптасына екі рет бір ай бойы және әр сауда-саттықтың алдында бір күн бұрын KASE стандартты жаңалығын шығару
5.	"Биржадағы компания күні" іс-шарасын ұйымдастырып, өткізу (іс-шараны өткізу датасы акциялар эмитентімен немесе оның қаржылық кеңесшісімен алдын ала келісіледі)	<ul style="list-style-type: none"> • KASE жаңалықтары түрінде орналастырылатын акциялардың эмитенті туралы арнайы материалдарды бір жұмыс күн бойы немесе келісілген уақыт аралығымен жариялау • KASE Интернет-сайтының "Эмитенттер" бөлімінің осы эмитентке арналған бетерінде орналастырылатын акциялардың эмитентінің маркетингілік материалдарын, KASE жаңалықтарында әр жарияланым туралы құлақтыруымен, жариялау • Эмитенттің жарнамалық баннерін KASE Интернет-сайтында орналастырып, келісілген контент немесе Интернет-желісіндегі беке сілтеме беру

Кестеге ескертпе:

1. Кестеде көрсетілген іс-шараларды KASE тегін, биржаның, орналастырылатын акциялар эмитентінің және/немесе қаржылық кеңесшісінің қолдағы бар ресурстарды пайдалану арқылы ұйымдастырылып, өткізіледі.
2. Ұымдастыру сұрақтары бойынша Биржада IPO жоспарлаған эмитенттің әрқайсысына KASE дара тіл табуға құқылы. Іс-шаралардың нақты жоспары, оларды өткізудің ерекшеліктері, ақпараттық қолдаудың формалары мен әдістері, KASE, орналастырылатын акциялардың эмитенті және/немесе оның қаржылық кеңесшісінің арасында жасалатын, келісім-шарттың мәні болып табылады.
3. KASE жаңалығын шығару деп ең кемінде тұспалданады¹:
 - KASE жаңалықтарын дайындау үшін биржада қабылданған форматта орыс және ағылшын тілдерінде жаңалық дайындау;
 - жаңалықты KASE Интернет-сайтының титулдық бетінде (<http://www.kase.kz/ru> және <http://www.kase.kz/en>) және арнайы бөлімінде (<http://www.kase.kz/ru/news/kase> және <http://www.kase.kz/en/news/kase>) жаңалық тақырыптамасын кейінірек шыққан жаңалық тақырыптамаларымен ысырып) жариялау;
 - жаңалықтар жарияланымын қолдайтын, "ИРБИС" Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігінің ақпараттық орталарында жаңалықты орыс және ағылшын тілдерінде жариялау;
 - "ИРБИС" Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігінің "қаржы нарығының жаңалықтары" жаңалықтар лентасына жазылғандарға электрондық пошта арқылы жаңалықты орыс және ағылшын тілдерінде тарату.
4. Баспасөз-релизін шығару деп тұспалданады:
 - Биржада қабылданған форматта, баспасөз-релизін орыс және ағылшын тілдерінде дайындау;
 - KASE пайдаланатын, БАҚ мекен-жайларының мәліметтер базасы бойынша баспасөз-релизін тарату;
 - баспасөз-релизін KASE Интернет-сайтының "Баспасөз-релиздер" бөлімінде орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде жариялау.
5. Сайт жаңалығын шығару деп KASE Интернет-сайтының титулдық бетінде (<http://www.kase.kz/ru> және <http://www.kase.kz/en>) және арнайы бөлімінде (<http://www.kase.kz/ru/news/site> және <http://www.kase.kz/en/news/site>) KASE Интернет-сайтында жаңа материалдың орналастырылуы туралы қысқаша ақпараттық хабарламаның, осы материалға сілтемесімен бірге, жариялануы тұспалданады; бұл ретте әр жаңа хабарлама алдыңғысын төмен ысырады.

¹ Бірқатар жағдайда дайындалған жаңалықтар Интернет желісінің басқа да сайттарында жариялануы мүмкін.